

БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Білім процесіне деген әлеуметтану
тұғырынан көзқарастар немесе
перспективалар



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім процесіне деген әлеуметтану тұғырынан көзқарастар немесе перспективалар

Білім процесін постструктурализм және постмодернизм көзқарастары тұрғысынан зерделеу

Мәдениет пен қоғам туралы бірқатар әлеуетті идеялар ықпалы жоғары «постструктурализм» және «постмодернизм» көзқарастарынан келген. Бұл идеялардың білім саласындағы маңызы, олар бұрыннан орнығып кеткен доминантты дискурстар мен тәжірибелерге күмәнмен қарайды. Сұрақтар туындатады. Олар мәдениет, тіл және тұлға бірегейлігі сынды маңызды элементтердің теңсіздікте алатын орны және олардың білім саласында қалай пайдаланылатыны туралы мәселелер қозғайды.

Постструктурализм мектепті институт ретінде қайта зерделеуді, анықтауды, зерттеуді талап етеді. Ол білімнің табиғатын зерттейді және оның мәдениет ықпалына байланысты тарихи кезеңдерде қалай өзгеріп отырғанына үңіледі (қараңыз: Деррида, 1987; Фуко, 1977; 1988). Постструктурализм білім жүйелері мен дәстүрлеріне тереңдеп кірігіп, орнығып кеткен идеяларға сыни пайыммен қарайды.

Білім саласындағы идеологиялар

Әлем сипаттары туралы кеңінен орныққан сенімдер мен құндылықтар «идеологиялар» деп аталады. Робертсон және Хилл (2014:167) идеологияны «барынша бірізге түсірілген, жүйелі және жекелей тұрғанда ақиқат болатын сенімдер мен көзқарастар» деп анықтайды. Білім саласындағы идеология қоғам қалай ұйымдасуы керек деген пайымдармен аса тығыз байланысқан. Демек саяси философия мен білім теориясының арасында өзара байланыс бар.

Білім саласындағы идеологиялардың типологиясы

Мейган және Харбер білім идеологияларын «топтардың білім туралы ресми келісімдері, әсіресе мектеп білімі, сонымен бірге білімнің ресми емес аспектілері туралы сенімдері мен идеяларының жиынтығы» деп анықтайды (2007:218).

Мейган және Харбер, жалпылай алғанда, дихотомиялық көзқарасты ұсынады. Онда поляризацияланған типтер пайдаланылады. Лоутон еңбегінде (1992) идеологиялар қоғамның әртүрлі деңгейлерінде қолданылады делінген. Айталық, идеологиялар біртұтас қоғамды қамтуы мүмкін немесе белгілі бір топтарды қамтитын идеологиялар болуы мүмкін. Білім саласына байланысы туралы айтқанда, олар білім саласы қалай ұйымдастырылуы қажет, білім саласы еркін нарыққа айналуы керек пе, жоқ па немесе білім саласы толығымен мемлекет қарауында болуы тиіс пе деген сұрақтарға қатысты болуы мүмкін. Сонымен қатар білім бағдарламаларын сыныпта жүзеге асыратын білім беру және педагогика деңгейі бар. Онда нені оқыту керек және қалай оқытылу керек деген сұрақтар көтеріледі. Скримшоу (1983) білім идеологияларын, жеке тұлғаға, білімге немесе қоғамға қатысты классификациялауды ұсынды. Моррисон және Ридли де (1989) идеологияларды осы үш тақырыптың аясына топтастыру туралы айтқан.

Жеке тұлғаға басымдық беретін идеологиялар

Бұл тақырыптың аясында прогрессивизм, оқушы/студентке бағытталушылық және романтицизм идеологиялары топтасады. Мұнда білім алушының қажеттіліктері мен мүдделеріне, оның жекелеген дамуына назар аударылады.

Білімге басымдық беретін идеологиялар

Моррисон және Ридли (1989) бұл тектес идеологияларды түрлі категорияларға бөлуге тырысады: классикалық гуманизм, консерватизм және дәстүршілдік. Олар пәндер бойынша ұйымдасқан формалды білімнің маңыздылығын атап көрсетеді. Классикалық форма бойынша білімге жоғары статус беріледі. Білім алушылар, алдымен негізгі фактілерді зерделеуден бастап, бірте-бірте күрделі деңгейлерге өтуі тиіс. Осылайша білім алу үдерісі формалды, дәстүрлі және тексерілген, қалыптасқан әдістер арқылы жүзеге асады. Баға қою да формалды болады. Ол білім алушыны жетістігін бағамдап, алға озушыларды айқындайды. Бұл идеологияда тәртіп білім процесіндегі маңызды дүние. Білім алушы ерте кезеңнен бастап қадағалау үстінде болады. Оған автономия академиялық білімнің жоғарырақ деңгейлеріне жеткенде беріледі.

Классикалық гуманизмде пәндердің практикалық болу-болмауы аса маңызды емес. Мемлекеттік мектептер осы идеологияның элитарлығын, бір тәртіпке бағынушылығын және осы білім жүйесінің



академиялық стандарттарын жүзеге асырады. Классикалық гуманизм идеологиясында ұлтты ұлы ететін дәстүрлі құндылықтарға деген ерекше көзқарас болады.

Қоғамға басымдық беретін идеологиялар

Аталған идеологияларды да Моррисон және Ридли (1989) екі категорияға бөледі. Инструментализм, ревизионизм және экономикалық жаңғыру элементтері кіретін идеологиялар бір топқа кіріктірілген. Бұл идеологиялар атынан белгілі болып тұрғандай, экономикаға көңіл бөледі, оның дамуына, жақсаруына және модернизациялануына назар аударады.

Екінші топқа «демократиялық социализм» мен «реконструкционизмді» жатқызамыз. Олардың қай-қайсысы да қоғамдағы билік құрылымдарын назарда ұстайды. Демократиялық социализм, барлық адам үшін тең мүмкіндіктер ұсынынылуы керек және оларды қорғауда, қоғамдық құрылымдарды дамытуда білім берудің маңызы жоғары деп есептейді. Мұндағы негізгі мақсат – қоғамды іштей реформалау. Ал, білім болса, бұл процесте маңызды рөл атқаруы тиіс. Реконструкционизм бұл ойды ары қарай жалғастырып, білімнің көмегімен қоғамды толығымен қайта құруға болады деген пікірді келтірді.

Типологияның құндылығы

Идеологиялардың типологиясы тек жалпылама пайымдар ғана, сондықтан ол кей жағдайда бір-бірімен байланысты сенімдер топтамасы ретінде ғана қабылдануы мүмкін. Олар белгілі бір топтардың әрекетін түсінуге көмектескенімен, арадағы айырмашылықтарға байланысты, ол түсініктемелерді ешқашан да толыққанды деуге келмейді.

Терминдер

Гуманизм (лат. humanus – адамгершілікті) – дүниетаным жүйесі, оның негізінде ар-абыройды қорғау, жеке тұлғаның құндылығы және оның еркіндігі мен бақытқа деген құқығы жатыр.

Либерализм (лат. либералис – «еркін») – ең жоғарғы құндылық әрі басымдық ретінде жеке еркіндікті ұстанатын идеология. Либерализмнің әлеуметтік-саяси теориясы қоғамдық және мемлекеттік құрылымның демократиялық принциптеріне негізделеді, әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың зорлық-зомбылықсыз түрлерін ұстанады, тұлғаның еркін дамуын шектемейтін және әрбіріне мемлекеттік-құқықтық қорғау, адам құқы мен азамат бостандығын сақтау кепілдігін беретін қоғам құруды көздейді.

Сұрақтар:

1. Білім саласындағы идеологиялар дегеніміз не?
2. Жеке тұлғаға басымдық беретін идеологияның сипаттары қандай?
3. Білімге басымдық беретін идеологиялар сипаттары қандай?
4. Қоғамға басымдық беретін идеологиялардың сипаттары қандай?